

**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федеральдық қорғаныс министрлігі арасындағы Германия Федеративтік Республикасының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттілігі үшін медициналық мүліктерді өтеусіз беруі туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 412 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федеральдық қорғаныс министрлігі арасындағы Германия Федеративтік Республикасының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттілігі үшін медициналық мүліктерді өтеусіз беру туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федеральдық Республикасының қорғаныс министрлігі арасындағы Германия Федеративтік Республикасының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтажы үшін медициналық мүлікті өтеусіз беру туралы**

**КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі қазақстан Тарапы деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі және бұдан әрі герман Тарапы деп аталатын Германия Федеративтік Республикасының Федеральдық қорғаныс министрлігі осы Келісімді жасасты және төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

**Келісімнің мәні**

1. Герман Тарапы қазақстан Тарабына осы Келісімнің қосымшасына сәйкес өтеусіз көмек ретінде Бундесвер қорларынан медициналық мүлікті өтеусіз негізде береді.

2. Герман Тарапынан берілу медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қолдануға рұқсат ету мақсатында қазақстан Тарапынан тіркелген болуы тиіс.

## **2-бап**

### **Тапсыру және орындау орны, жөнелту, алушы**

1. Медициналық мүлік Лорх Бас әскери-медициналық қоймасында (ГФР, Лорх-Райнгау қаласы) жөнелтуге дайын болады. Осы Келісімді орындау мақсатында берілетін медициналық мүлік үшін жеткізу пункті Орталық медициналық қоймасы (Қазақстан Республикасы, Алматы облысының Қапшағай қаласы) болып табылады.

2. Жеткізу Incoterms-2000: "СРТ - тасымалдау төленді, Алматы/Қазақстан" деген ш а р т қ а с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

3. Медициналық мүлікті алуды Тараптар Қабылдау-беру актісіне қол қоюмен р а с т а й т ы н б о л а д ы .

4. Егер мүлік, оны жөнелту әзірлігі туралы хабарламадан кейін алты ай ішінде қазақстан Тарапынан болатын себептер бойынша жеткізілмеген жағдайда, герман Тарапы өзінің қалауы бойынша оны одан әрі пайдалануды айқындайды. Бұл жағдайда герман Тарапы мүлікті ауыстыруды және залалдың орнын толтыруды жүргізбейді.

5. Медициналық мүліктің алушысы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

## **3-бап**

### **Тасымалдау**

1. Осы Келісімнің қосымшасында көрсетілген медициналық мүлікті жөнелту пунктiнен жеткізу пунктiне дейін тасымалдауды герман Тарапы жүзеге асыратын б о л а д ы .

2. Германия Федеративтік Республикасынан Қазақстан Республикасына медициналық мүліктің экспортын ресімдеуді герман Тарапы жүзеге асырады.

3. Тауарға ілестіру құжаттарында осы Келісімге сілтеме болуы тиіс.

## **4-бап**

### **Меншіктің ауысуы, тәуекел, өтемақы және жауапты болу**

1. Медициналық мүлікті берген және Тараптар тиісті Қабылдау-беру актісіне қол қойған сәттен бастап мүлікке иелік ету және тәуекел құқығы осы Келісімнің 2-бабының 2-тармағында көрсетілген жеткізіп беру шартына қарамастан қазақстан Тарапына көшеді. Бұл ретте, қазақстан Тарапы қандай да бір өтемақыны талап етпейтін болады.

2. Берілетін медициналық мүлік берілу кезінде пайдалану мен қолдануға жарамды

б о л у ы

к е р е к .

3. Медициналық мүлікті бергеннен кейін герман Тарапы оны тасымалдау, сақтау немесе қолдану салдарынан мүлікке келтірілуі мүмкін залал үшін жауапты болмайды.

4. Егер осы Келісімді іске асыру барысында берілетін мүлікке үшінші тарап залал келтірген жағдайда қазақстан Тарапы герман Тарапын кез келген жауаптылықтан б о с а т а д ы .

5. 4-тармақтың ережесі герман Тарапы немесе оның қызметкері берілетін мүлікке өрескел немқұрайдылықпен немесе қасақана залал келтірген жағдайда қолданылмайды.

## **5-бап**

### **Шығыстар**

1. Осы Келісімнің қосымшасында көрсетілген медициналық мүлікті осы Келісімнің 2-бабының 2-тармағына сәйкес "СРТ - тасымалдауға төленді, Алматы/Қазақстан" деген жеткізу шартына сәйкес туындайтын Қазақстан Республикасының шекарасына дейін жеткізуге байланысты (дайындық, сақтау, тиеу, тасымалдау шығыстары және жүру бағытында күтпеген басқа да шығыстар) барлық шығыстар герман Тарапына жүктеледі .

2. Осы Келісімнің қосымшасында көрсетілген медициналық мүлікті Қазақстан Республикасының аумағында кедендік ресімдеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстан Тарапы жүргізеді.

## **6-бап**

### **Соңғы қолдану**

1. Қазақстан Тарапы алынған медициналық мүлікті герман Тарапының алдын ала жазбаша келісуінсіз үшінші тарапқа қолдануға бермеуге міндеттенеді.

2. Герман Тарапы үшінші тарапқа беруге келісім берген жағдайда қазақстан Тарапы осыған ұқсас міндеттемені осындай үшінші тарапқа жүктеуге міндеттенеді.

## **7-бап**

### **Келіспеушіліктерді реттеу**

Осы Келісімнің ережелерін орындау және түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар жолымен шешеді.

## **8-бап**

### **Қорытынды ережелер**

1. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісімге қосымша Келісімнің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

## 9-бап

### Күшіне ену

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

200 жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында екі түпнұсқалық данада қазақ, неміс және орыс тілдерінде жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін* *Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Қорғаныс министрлігі үшін*

## **Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық қорғаныс министрлігі арасындағы Германия Федеративтік Республикасының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтажы үшін медициналық мүлікті өтеусіз беру туралы келісімге ҚОСЫМША**

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне өтеусіз негізде берілетін Бундесвер медициналық мүлкінің ТІЗБЕСІ

Р/с N	Заттардың атауы	Саны
1.	Далалық электрокардиограф	5 жиынтық
2.	ЭКГ-ны тіркеу үшін қағаз	20 оралым
3.	Керек-жарақтармен жарық беретін	4 дана
	<b>а с п а п т а р</b>	
4.	Хирургиялық құрал-саймандар,	2 жиынтық
	<b>л а п а р о с к о п и я</b>	
5.	Үлкен далалық автоклав	2 жиынтық
6.	Стоматологиялық аспап	2 жиынтық
7.	Хирургиялық құрал-саймандар,	2 жиынтық

т р а х е о т о м и я

8. Жалпы емдеу үшін, стоматологиялық жабдық, далалық 2 жиынтық  
4 жәшікте
9. Құрал-саймандар 1 жиынтық
10. Қанға арналған тоңазытқыш, 1 дана  
5 2 0 - т ү р і
-